

*Сайлауова Н.С.*

**ОҚУШЫЛАРДЫҢ ДҮНИЕТАНЫМЫН ХАЛЫҚ ТАҒЫЛЫМЫ АРҚЫЛЫ  
ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ МҮМКІНДІКТЕРІ**

*Сайлауова Н.С.*

**ВОЗМОЖНОСТИ ФОРМИРОВАНИЯ МИРОВОЗЗРЕНИЯ ШКОЛЬНИКОВ  
ЧЕРЕЗ НАРОДНЫЕ ТРАДИЦИИ**

Халық қағидалары, ұлттық ұғымдар - өміршең, ол халықпен бірге жанданып, өзгеріп, түлеп отырады. Адамзат өмірінің барлық кезеңдерінде тарихи мұраға, өткенге көзқарас үнемі бірқалыпты, бір ұдай болған емес. Ол қоғам дамуымен бірге өзгеріп отырды, үнемі осылай болып та келді. Қазақи дүниетаным батыс білімдарлары қағазға қаттаған ойларды көшпенділер жұрағаты қазақтардың оқусыз тоқып, оқшау таразылауы; көктегі жұлдыздар шежіресін, аққан су, жанған от, көшкен құм, аңызқ аптап, асқар тау тілін түсінуі, ұлттық сұңғыла сана, сырбаз сезім, саят сұлулығына ұштастыруы арқылы сарапталады. Қазақтың дала заңдары, болжам-түйіндері, философиялық тұжырымдаулары халықтың ұлан-ғайыр ауыз әдебиетінде көрініс тапқан. Қазақ халқы ұрпағының болашағын болжап, алдын-ала кам жасауы, ол туралы әркілы топшылау тұжырым келтіріп түйіндей түйіп, қалыптастырған дала заңы мен тәртібі қаншама ғасыр өтсе де өміршеңдігін жоймауы, яғни халық кәдесіне жарауында деп түсінген жөн.

Ауыз әдебиеті – халықтық дүниеге көзқарас жиынтығы. Қазақ халқының ертедегі философиялық сй-пікірлері мифтік аңыз, қиял-ғажайып ертегілер мазмұнына арқау болып, уақыт өте халық ауыз әдебиетінің мол мұрасына айналды.

Философиялық ой-түйіндердің даму жолында халық ауыз әдебиетінің небір тамаша үлгілері өмірге келді. Өткен замандарда өмір тіршілігінің көбін табиғат құшағында өткізген қазақ қауымы айналасын қоршаған жаратылыс дүниесі және оның сан алуан құбылыстарды – аспан мен жер, ай мен күн, күн мен түн, қараңғы мен жарық, адам мен табиғат, жан мен тән, өмір мен өлім, жақсылық пен жамандық, бақ пен сор сияқты сан алуан мәселелер жөнінде алуан түрлі аңыз, қиял-ғажайып ертегілер, өлең-жыр, мақал-мәтел, толғаулар ойлап шығарып, түрліше болжамдар, топшылау жасаған. Халықпен бірге дүниеге келіп, бірге жасап келе жатқан, ауыз әдебиеті де адам дүниетанымының барлық құпияларына жауап беретіндей деңгейде дамыған. Батырлар жырындағы қайсарлыққа, ұлтжандылық пен елжандылыққа, намысшылдыққа, ертегі-аңыздардағы парасат пен ақылдылыққа, тапқырлық пен ұшқыр ойлылыққа, шағын жанрлардағы (мақал-

мәтел, жұмбақ, санамақ, жаңылтпаштар, т.б.) ойлау, сараптау, зеректілік қабілеттеріне үйретудің дидактикасы нағыз тұнып тұрған философия емес пе?!

Қазақ халқы ерлік күреске толы өмір кешкен XV-XVIII ғасырлардағы сөз өнерін меңгерген жыраулар толғауларының астарында дүниетанымдық ойлар басым болған. Түз тұрғындарының ұлттық дүниетанымы, адамдық бейнелері, ұлттық бейнелері, ұлттық мінезі жыраулар толғауында сипатталған. Халықтың небір тағылымды ойлары мен пайымдаулары дүниетанымның жоғары деңгейге жетілуімен сипатталады. Қазақ халқының ой толғанысы, зерделік ерекшеліктерін сөз етсек, оны тұспалдап, мақалдап, мақамдап, астарлап сөйлеу, жыр, терме, айтыс өнерлерінде көрініс алуынан деп түсінген жөн. Аталған өнер түрлерінің мазмұнында ақыл-нақыл, өсиет-өнеге, ғибрат жинақталып, мазмұны арқылы өсер ұрпақты неден аулақ, неге ынтық болуға баулып өсіруді мақсат етті. Ал ақыл-ойға, терең тәлімге құрылған поэзиялық сөз түйіндерінен ұлттық ойлау ерекшелігін, мәдени мұраның өзіндік сипатын айқын танып білуге болады. Ұлттық тәрбиенің барлық түрлері, әдіс-тәсілдері ауыз әдебиетінің жанрларында жан-жақты көрініс тапқан.

XV-XVII ғасырларда өмір сүрген ақын-жыраулардың дүниетанымы мен философиялық бағыттары жайлы әрі ғалым, әрі ақын Ә.Тәжібаев: “Асан қайғы, Қазтуған, Шалқияз, Бұқарлар айтқан толғаулардың бізге жеткен мұраларына талдау жасасақ, тыңдаушысын теңіздей шайқайтын терең ойлардың толқынына жүзгендей сезінеміз. Кейде жақыннан, кейде ишаратпен алысқа меңзеулер әлде қайда, біз біле бермейтін арнаулы сөздерден жаралады да, өмір, тарих, қоғам, адам жөнінде ғажайып топшылаулар, толғау-түюлер айтады”, - деп, баға беруінен терең ойдың астарын аңғарамыз.

Ғалым Қ.Нұрланова өзінің “Адам және әлем” (Человек и мир) еңбегінде адамның болмысы табиғаттың тылсым құпияларымен байланыстығына терең талдау жасап, адамның өзін-өзі танып білуінің сырларын баяндайды. Аталған ғылыми еңбекті таңдау курсындағы тақырыптарға сай пайдалануда оқушы күнделікті тіршілікте мән бермей, кейде тұрмыста қажетсізбейтін жайлардың астарында

табиғат пен адам тіршілігіндегі үйлесім, тұтастықтың бұзылып, ауытқушылықтары әсерлерінен хабардар болуына септігін тигізеді.

Қазақтардың ежелгі дүниетанымын зерттеушілердің еңбектерімен танысқанда, қазақ халқына тән обал, сауап, тәуба, кие, әруақ, тәңір ұғымдарына кездесеміз. Енді осы ұғымдар астарында нендей тағылым, ғибрат бар екендігін талдап көрелік. Ерте замандағы қазақтар жер бетіндегі бүкіл жаратылыстың тегі төрт нәрседен – топырақ, су, от және желден (ауа) жаратылған деп түсінген. Сондықта да, Көкте Тәңірге, Жер Анаға табынған, киесінен сескеніп, сан түрлі наным-сенім, ырымдарды өмірге әкелген. Адам баласы басына түскен қандай ауыртпалық болса да, оған “Тәңірдің ісі”, “Жазмыштан озмыш жоқ” деп көнбістік танытқан. Халықтың осы бір ерекшелігі көп жағдайда тағдыр тәлкегіне ұшырауынан сақтап қалса, ол өмірдің кейбір соқпақтарында кері әсерін тигізіп, өзге халықтар алдында “есесін” жіберіп алған сәттерін тарихи оқиғалар салқынынан білеміз. “Тәубаға келу” – бұл қазақ халқының барға қанағат қылып, тірлігіне ризашылығын білдіруі. Тәубе – философиялық ұғым, ол қандай құбылыстың болмасын, өлшемі, тәубе көбіне этикалық мәнде қолданылады. Бұл ұғым адам қуанышының да, қайғысының да шегі барын білдіреді.

Ата-бабаларымыз өмірдегі кейбір қиянаттарды “аққа құдай жақ” деген тұжырыммен бекіткен. Халықтың табиғат құбылыстарының үндестігін түсінуі өте ерте оянған. Бұған қазақ халқының тұрмысындағы көшпелі өмір тәртібі мен төрт түлікті тұрмыс тіршілігіне жарата білу тікелей себепші болды. Халық баланың болмыс-бітімін, жаратылысын табиғаттан бөліп қарамаған. Жаратылыс құбылыстары сырларын терең танып-білу, оны ұрпағына ұғындыру, қажетіне жаратуды ата-бабаларымыз өзіне парыз санаған, оның бала дүниетанымына ықпалын ескеріп отырған. Қазақ халқының дүниетанымы өте кең болғандығы сонша, бүкіл тұрмыс-тіршілігін, күнкөрісін жыл маусымдарына ойластыра күн кешіп, төрт түліктің түгіне дейін кәдесіне жаратып, ешкімге алақан жаймай, керісінше қайырымын өзгеге көрсетіп, кісілік қасиеттерін бәрінен жоғары қойған. “Малым - жанымның садағасы, жаным - арымның садағасы” деген ұлағатты ойды туғып ұстаған ата-баба қасиеті бізді осы күнге дейін небір зобалаң мен зұлматтан сақтап келген деген ой туындайды.

Қазақ халқының жыл маусымдары, табиғат амалдары туралы тәжірибеден өткен өзіндік пайымдауларының тағылымдық мәні зор. Бір жыл ішінде күн мен түннің теңесетін

мерзімдерін білуі, сол бір жылдың төрт маусымының ерекшеліктерімен санасу көшпенділер үшін өмір сүрудің қажеттілігі саналды. Осы орайда, отырықшылардың негізінен жаз бен күзге тәуелді екенін айта кеткен жөн. Күні бүгінге дейін әрбір маусымды өз ішінде үшке бөледі. Қоңыр күз, сары күз, қара күз немесе қыстың басы, ортасы, аяғы т.б. Жыл маусымдарында кездесетін амалдарды ажыратып, оның қалыптасуынан хабардар болуы үшін, әсіресе әр өңірдің өзіне тән ерекшелігін амалдарын насихаттап отыру аса қажет-ақ. Себебі, бала күнделікті тұрмыс-тіршілікте бұл ұғымдарды естиді, бірақ ол туралы түсінігі болмауы мүмкін.

Табиғатта кездесетін алуан құбылыстар осы амалдар арқылы түсіндіріледі. Табиғат құбылысы мен адам болмысы арасында өте нәзік байланыс барлығын ата-бабаларымыз дәлелдеп кеткен. Жоғарыда аталған қағидалар халық талғамында таразыланып, нәтижесінде төмендегідей киелі ұғымдарды енгізген.

- Келіннің отауы бөлек, ата-енесі тұратын үлкен үйдің төріне шықпайды, олардың “төсегіне жатпайды, отырмайды”. Ата-енесі өлген күнде де бұл ғұрып бұзылмайды, себебі: ата-ененің төсегі - келін үшін киелі саналған. Мұның бәрі ұрпақ тектілігін сақтаудың қамы болған.
- Жолаушыға ас-су беріп, дастарханынан дәм үзілмейтін адамды “кең пейілі мен дастархан киесі сактайды” деп қастерлеген (Жетес бидің айтқаны), осыдан кейін халықта “дастархан киесі” бар деген ұғым қалған.
- Туған жерге аман-есен оралуды ырымдап, жаугершілікте не алыс жолға шыққанда “ бір уыс топырақ алу”.
- Шөп гүлдеп келе жатқанда “дәні жерге түссін”, кейін өссін деп ол жерге мал жаймайды.
- Қасқырдың тырнағын, үкінің үкісін қастерлейді. Нәрестенің бесігіне “кеселден сақтасын” деп ырымдап тағып қояды.
- Киіз үйдің шаңырағын көтеретін “бақанды жерге тастамайды”, қастерлеп белдеуге қыстырып қояды. Халықтың адалбақан атауы осыдан қалған.
- Таңғы шыққа малынған шөпті жалаң аяқ басып жүрсе, ауру адамның бойындағы “құзыр кетеді”.
- Мал сүйегін отқа жақпайды, сүтін жерге төкпейді, баспайды. Мал құтаймайды, “жұтқа ұшырайды” деген ұғым бар.
- Қазақ отбасында “ер адамды пір тұтқан”. Оның қадірлі киімдерін бағалап, орынсыз тұтынбаған.

Жоғарыда аталған киелі ұғымдар, қағидалар тұрмыс-тіршілікке енуіне қарай

ырым, тыйымдар пайда болды. Бұл ұғымдар уақыт өте келе тәжірибеден өтіп, ұрпақ тәлім-тәрбиесіндегі алатын орнына қарай сұрыптап, өңдеп осы саланы зерттеп жүрген ғалымдардың ғылыми тұрғыда талдау жасауларына мүмкіндік туғызды.

Жеткіншектер дүниетанымын қалыптастыруда, олардың қоғамдық және әлеуметтік қарым-қатынастар деңгейлері әлі де болса толықтай қалыптаспағандықтан, мінез-құлықтарында тұрақтылық болмайды. Сол сияқты, олардың нақты көзқарастарында балалық пен жасөспірім жасындағы оқушылардың талап, мұқтаждықтары аралығында болатындай айналасымен қатынастарда өзгермелік, ауытқушылық әрекеттер көптеп ұшырасады. Дегенмен де “жеткіншек жас жеке тұлға қалыптасуының белсенді кезеңі” – деп жазады М.М.Мұқанов. Мәселен, “бастауыш сынып оқушысының психологиялық-педагогикалық ерекшелігі дүниенің диалектикалық даму заңдылығына сай түсінудің генетикалық алғашқы пайым жасауға талпынуы” – деп айтқан. Сол себептен де,

бастауыш сынып оқушысының алғашқы дүниетанымдық түсінігі мен көзқарасын қалыптастыруда қолайлы мерзім болып саналады. Олай болса, оны одан әрі жетілдіру жеткіншек жасындағы оқушы санасында қоршаған әлем құпиясын тану туралы нақты бетбұрыс басталатындығы анықталған.

Терең тамырлы тарихы бар халқымыздың ұрпақтан-ұрпаққа мирас болған ежелгі мұраларының қай-қайсысының да пайда болуына және пайдалануында белгілі бір ғылыми негіз, тәрбиелік талғам, табиғат пен адам өмірінің берік байланысын тани білуден туған білімдарлық, сырбаз талғам, келісті келбет бар. Халық қандай да ұғымның болмысын, түпкі тамырын тарих қойнауынан алған, ал олар заман өте келе екшеліп, сын таразысынан өтіп, тұтынуға беріліп отырған. Қазақ халқының ұлттық даралығы, ой толғаныс қазынасында (ұлттық психологиясында) ұрпақ тәрбиелеу тәсілдері (этнопедагогика) мен салт-дәстүр (этнографиясында) ерекшелігінде деп тұжырым жасауға әбден негіз бар